

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі м.у.а. Жылдыз Р. Жылысбаева

« 2 / 2 » 2024 жыл

«Томпандаған бөбегім, ертеңіңе сенемін!»

Баяндама



Тәрбиеші: П. Бидаулетова

2024-2025 оқу жылы

Томпандаған бөбегім, ертеңіне сенемін!

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп жария салды. Бесігіңді түзе деген сөз – туған халқыңа бала тәрбиесін түзейік деген сөз екені айдан анық. Халқымызда тәрбие «Тал бесіктен басталады» деп ұлағат айтып кеткен. Балашағымыз жарқын еліміз еңселі, көшіміз түзу болсын десек, бәрін бала тәрбиесінен бастау керек. Өйткені болашағымыз, алдыңғы тағдырымыз балалардың қолында екені белгілі. Сондықтан да бала тәрбиелеу ісі жаппай халықтық іс деп ойлаймын. Қазіргі заманда бізде бір қалыптасқан ұғым бар. Бала тәрбиесін балабақша мен мектепке ығыстырып қоя салу. Болашағымыз жарқын болсын десек, бұл қате пікірден арылуымыз керек. Бала тәрбиесіне мектеппен бірге жалпы қоғам түгелдей ат салысуы керек. Керек қана емес міндетті. Көшеде екі бала ерегісіп, бейәдеп сөздер айтып, жұдырықтасып жатса бұл маған қатысты емес деп бұрылып кете беру бұл қоғам дамуына деген немқұрайлығымызды көрсетеді.

Ертеде қазақ тарихында балаларды бүкіл ауыл, «Әжелер мектебі» тәрбиелеген. Әженің мейірім шуағына шомылған баланың келешекте жаман, лас істермен айналысуына, бойына сіңген тәрбиесі жібермейді. Мысалыға алсақ, Шоқанның Айғанымдай әжесі, Абайдың Зередей әжелері болмаса, олардың ұлағатты тәрбиесі болмаса, сондай ұлы тұлғалар қалыптасар ма еді?

Жақында мен желіден «Мен нағыз әжені іздеп жүрмін?» деген мақала оқыдым. Мектеп оқулығынан тапсырма алған бала нағыз әжені іздейді. Сөйтсе маңайында байсалды да, байыпты, сөзі салмақты, жүріс-тұрысының бәрі өнеге, ақ әже таппай қиналады. Міне тәрбиедегі дағдарыс деген осы... Демек бұл қазіргі әжелер өздеріне барынша көңіл бөліп, бала тәрбиесімен айналысуға құлқы жоқ екендігін көрсетеді. Ал қазіргі аталар ше? Олар да заманауи өмірге ілесіп, атадан- атаға мұра болып келе жатқан халықтық дәстүр, шежіре айтуды онша біле бермейді. Осыларды ойлағанда балаларымыздың келешек болашағынан қорқамыз, демек ұлттық құндылықтармен суғарылмаған жастар ұлттық қасиет, ұлттық нәр болмағандықтан кез-келген бағытқа бұрылып кете береді. Бұл жердегі менің айтпағым, бала тәрбиесі тек мектеп пен балабақшаның ғана міндеті емес. Ол отбасынан басталуы керек. Отбасы тәрбиесі бала тәрбиесінде басты орын алады. Бұған қоса имани тәрбие берудің де мәні зор. Отбасында жақсы мен жаманды, пасық пен жасықты, сезініп атасынан иман шарттарын біліп, өскен баланың болашақта жаман істерге аяқ басу неғайбыл. Өйткені сүйекке сіңген жақсы тәрбие, оның өмірлік қағидасына айналады. Қорыта айтқанда, бала тәрбиесінде жүріп түйген ойым, бала тәрбиесімен отбасы, балабақша, мектеп, қоғам түгел айналысуы керек. Сонда ғана біз келешегі кемел, болашағы жарқын, келісті ұлт болып қалыптасамыз. Тағыда бір түйгенім, балабақшада барынша ұлттық мақал-мәтел, аңыз әңгімені мектепте көркем шығармаларды көп оқытуға көңіл бөлуіміз керек. Өйткені сөз-құдретті нәрсе. Ол кейін болмысқа айналады. Жастайынан обал-сауапты, ұятты біліп өскен бала болашақта қиянатқа аяқ басуға ары жібермейді. Торғайдың ұясынан түсіп кеткен баласын өлтіруге обал деп қарайтын халықтың баласы емеспіз бе? Осы қасиет балаларымыздың бойында болса жоғарыда айтқанымдай, қиянатқа баруға тәрбиесі жібермейді. XXII ғасырға аяқ басқан заманда, Абай айтқан: «Бес нәрседен асық бол, бес нәрседен қашық қылып» тәрбиелесек, Абай айтқан кемел адамның тұлғасын

қалыптастырсақ, артымыздағы тарихқа, алдымыздағы болашаққа жүзіміз жарқын болып аяқ басарымыз анық. Мағжан ақын «Мен жастарға сенемін» деп айтқан аманатын біздің жастарымыз абыроймен орындап болашақта біздің жастарымыз ғаламдағы алдыңғы орындағы елдерге айналдырады деп сенеміз.